ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

10.04.2019г. № КБГА-13/6570

ЖШС «Мерей и К»

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (*бұдан әрі - Комитет*) Сіздің 2019 жылғы 16 наурыздағы №33660 электронды шағымыңыз негізінде, "Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы" мемлекеттік мекемесімен өткізілген №3100769-1 «Ақтөбе облысы Байғанин ауданының Қарауылкелді ауылында Ақтөбе - Атырау тас жолынан Барақ батыр көшесіне дейінгі автомобиль жолдарды күрделі жөндеу» электронды конкурсына камералдық бақылау жүргізілді.

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу» Заңының 2-бабы 2 тармағына сәйкес, ***әлеуетті өнім беруші*** – мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), ***заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум)***. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға осы жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс берушілер сатып алған жағдайда, әлеуетті өнім беруші болуы мүмкін;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – Қағидалар) қағидасының 150 тармағында ***әлеуетті өнім берушіні*** және (немесе) оның қосалқы мердігерін біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін деп тану үшін негіздердің толық тізбесі көрсетілген.

Сонымен қатар, Қағиданың 382, 382-1, 382-2, 382-3 тармақтарына сәйкес, заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктері ***(консорциум)*** мемлекеттік сатып алуға қатысқан жағдайда, осы консорциумның қатысушылары болып табылатын заңды тұлғалар өз біліктілік талаптарын растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттармен қатар мынадай құжаттардың электрондық көшірмелерін, не электрондық құжаттарды ұсынуға тиіс:

1) заңды тұлғалардың мүшелері арасында жасалған бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт (консорциялық келісім);

2) бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартта көзделген қызмет бөлігінде тауарларды ұсыну, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету құқығына лицензия.

Консорциум конкурсқа қатысқан жағдайда конкурстық баға ұсынысына әсер ететін критерийлерді есептеу консорциалдық келісіммен айқындалған консорциумның негізгі қатысушысына қатысты қолданылады.

Бұл ретте шарт конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт қолданылған консорциумның қатысушысымен жасалады.

Консорциумның барлық қатысушылары Заңның 9-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес болуға тиіс, сондай-ақ Заңның 6-бабында көзделген шектеулері болмауға тиіс.

Консорциумның бір немесе бірнеше қатысушысы тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес, айналысу үшін рұқсат алу қажет болатын, жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын құқық қабілеттілігі болуы бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес болған жағдайда, консорциум біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады.

Бұл ретте, консорциумның негізгі қатысушысының Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес, айналысу үшін рұқсат алу қажет болатын, жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын құқықтық қабілеттілігі өткізілетін мемлекеттік сатып алу нысанасына сәйкес болуға тиіс.

Консорциумның **негізгі қатысушысы көрсетілген талаптарға** сәйкес болған жағдайда консорциум Заңның 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады.

Камералдық бақылау барысында, конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушіге **құрылыс-монтаж жұмыстарының II санатты мемлекеттік лицензия** біліктілік талап етілген.

Сіздің конкурстық өтініміңізде **құрылыс-монтаж жұмыстарының III санатты мемлекеттік лицензияңыз ұсынылған.**

Сол себептен, Сіздің конкурстық өтініміңізден біліктілік талаптарына сай келмегендіктен бас тарту конкурстық комиссияның шешімі дұрыс.

Осыған орай, Сіздің шағымыңыздағы уәжіңіз расталмады.

Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар.

Бұл ретте, ҚР 2015 жылдың 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу» Заңының 47-бабы 9-тармағына сәйкес дауларды шешудің сотқа дейінгі процедурасы міндетті болып табылады.

Төраға орынбасары **Ш.Шайназарова**

Орын. Досыбаев А.
Тел. 71-78-73